

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында жасы он сегізден жиырма жетіге дейінгі ер жынысты азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 11 сәуірдегі N 448 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Семей қаласындағы Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 мамырда N 5-2-161 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 26 наурыздағы N 435 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімдігінің 2013.03.26 N 435 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 27, 28, 31-баптарына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 12 наурыздағы № 326 қаулысына сәйкес, 2012 жылы мерзімді әскери қызметке мерзімінде және сапалы шақыруды қамтамасыз ету мақсатында, Семей қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан

шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Ауылдық округтер мен кенттер әкімдері:

1) шақырылғандарды комиссияға арнайы жабдықталған автобустарда ауылдық округтер мен кенттер әкімдерінің немесе әскери–есеп үстелдері инспекторларының бірге алып жүруімен жеткізуді ұйымдастырсын;

2) шақырылғандарды тасымалдау кезінде қайғылы оқиғаларды болдырмау үшін шара қабылдасын.

4. Ұйымдардың басшыларына шақыруға жататын азаматтардың Семей қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасының шақыру учаскесіне келуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. Семей өңірі бойынша облыстық денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары Ғ. А. Жуасбаеваға:

1) шақырылғандарға медициналық куәландыруды жүргізу үшін қорғаныс істері жөніндегі басқармаға дәрігер-мамандар мен орта медициналық персонал бөлінсін;

2) стационарлық, емдеу-сауықтыру мекемелерінде қосымша тексеру үшін бос орындарды қамтамасыз етсін;

3) мерзімді әскери қызметке әскерге шақыруды өткізгеннен кейін емдеуді қажет ететін әскерге шақырылушылардың тізімін, олардың емдеу мекемелеріне тіркелгендігі жөнінде мәлімет ұсынылсын.

6. Ішкі істер басқармасының бастығы Ж. К. Исаділовке:

1) шақыру және шақырылғандарды мерзімді әскери қызметті өткеру үшін жіберу кезеңінде шақыру учаскесінде кезекшілік ету үшін полиция қызметкерлерін бөлу;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне шақырудан жалтарып жүрген азаматтарды қорғаныс істері жөніндегі басқармасының хабарламасы бойынша іздестіруді және келуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. «2011 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру туралы» қала әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы № 183 (2011 жылғы 22 сәуірде № 5-2-143 нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелген, 2011 жылғы 29 сәуірде № 25 «Семей таны», 2011 жылғы 29 сәуірде № 25 «Вести Семей» газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

8. Қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары З. Р. Исабаеваға

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен
сон колданысқа енгізіледі.

Д. ГАРИКОВ

Семей қаласының қорғаныс істері
жөніндегі басқармасының бастығы Р. Нұралиев

Шығыс Қазақстан облысы ішкі істер
Департаменті Семей қаласының ішкі істер
басқармасының бастығы Ж. Исадилов

Облыстық денсаулық сақтау
басқармасы бастығының
Семей өңірі бойынша орынбасары *Ғ. Жуасбаева*
2012 жылдың 11 сәуірдегі
№ 448 қала әкімдігінің қаулысымен
бекітілген

[illegible]

ІӨ											
Байланыс әскерлері			50					50	50		
Жаяу әскерлері		30		50						50	
Басқа әскерлер											
БУӘЖ						50	50				
Тексеру	50	10			50						50
Студенттер											

кестенің жалғасы

Командалар нөмірі	қараша										
	16	17	20	21	22	23	24	27	28	29	30
РҰ											
Аэробилді әскерлері											50
ҰҚК ШҚ											
ІӨ										50	
Байланыс әскерлері											
Жаяу әскерлері					50						
Басқа әскерлер											
БУӘЖ	50						50	50	50		
Тексеру		50	50			50					
Студенттер											

Командалар нөмірі	желтоқсан										
	1	2	3	4	5	8	9	10	11	12	15
II ПМ ҚР	50								20		
Басқа әскерлер											
Тексеру				50		50				50	50
Студенттер		50					50	50	50		

кестенің жалғасы

Командалар нөмірі	желтоқсан										
	17	18	19	22	23	24	25	26	29	30	31
II ПМ ҚР											
Басқа әскерлер											
Тексеру	50				50	50	50				
Студенттер		50	50	50				50	50	50	50

*Семей қаласының қорғаныс істері
жөніндегі басқарма бастығы Р. Нұралиев*